

ПО ПОРУЧЕНИЮ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА ВЕДЕТСЯ СИСТЕМНАЯ РАБОТА ПО ОБНОВЛЕНИЮ И МОДЕРНИЗАЦИИ ПАССАЖИРСКОГО ВАГОННОГО ПАРКА, ЧТО ЯВЛЯЕТСЯ СТРАТЕГИЧЕСКИМ ПРИОРИТЕТОМ НАШЕЙ КОМПАНИИ. ОБНОВЛЕННЫЙ СОСТАВ, СОСТОЯЩИЙ ИЗ ВАГОНОВ НОВОЙ СЕРИИ «45» ЗАПУСТИЛИ НА МАРШРУТЕ АСТАНА – ОМСК. ЭТИ ИЗМЕНЕНИЯ СТАНУТ ЗНАЧИМЫМ ЭТАПОМ В РАЗВИТИИ МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО СООБЩЕНИЯ.

Дияр НУСИПКОЖАНОВ,
председатель правления
АО «Пассажирские перевозки»



№28 (3175)
14/04/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ компаниясы алдағы жазғы маусымға 2 мыңнан астам жолаушылар вагондарын дайындап жатыр.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

– Қазір «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның техникалық парктерінде тәулік бойы жазғы тасымалдау кезеңіне жолаушылар вагондарын дайындау басталды. Бұл жұмыс жолаушылар үшін жазғы тасымалдауды барынша ыңғайлы және қауіпсіз ету үшін жүргізіледі. Пойыздарды жазғы маусымға әзірлеу барысында оның техникалық жай-күйімен қатар тазалығы мен қауіпсіздігіне де басты назар аударылуда, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның баспасөз хатшысы Нариман Дүйсекеев.

Регламентке сәйкес вагонның астындағы жабықтар мен дөңгелектерді жоспарлы тексеруден өткізіп, вагондардың сыртын жуу және жүріс бөліктерін тазалау, тамбурлар мен тұтқаларды ішінара сырлау

жүргізіледі. Одан бөлек терезелер толық тазаланып, ондағы резеңке таспалар мен тығыздағыштар ауыстырылады. Тексеру жұмыстары барысында барлық ақаулар жойылады. Вагондардың ішіндегі санитарлық тораптарды ретке келтіруге айрықша мән беріледі. Дәретхана



жүйелері толық тексерістен өтіп, екі кезеңнен тұратын тазалау мен залалсыздандыру жұмыстары атқарылады. Атап айтқанда, рейс алдында барлық вагондар – еденнің, төбенің,



үстелдердің, дивандардың және терезелердің беттерін қоса алғанда, санитарлық және дезинфекциялық өңдеуден өтеді. Осылайша, жолға техникалық жағдайы мінсіз, толық дайындықтан өткен вагондар ғана шығады. Еліміздің жолаушылар тасымалы нарығында Ұлттық тасымалдаудан бөлек тағы басқа 14 жеке компания қызмет көрсетеді. Сонымен қатар сапар алдында

қызметкерлер ауысым алдындағы медициналық тексеруден өтеді. Өндірістік персонал үшін тұрақты негізде қауіпсіздік шараларын сақтау, алғашқы медициналық көмек көрсету және қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша нұсқамалар жүргізіліп, пойыз бригадасының қызметкерлері жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

КОНТРОЛЬ ЗА ИНФРАСТРУКТУРОЙ



Филиал АО «KTZ Express» – «KTZE Южный» обеспечил полную техническую готовность ключевых мощностей на юге страны.

На участке по ремонту контейнерной станции Туркестан был проведен плановый весенний комиссионный осмотр. В ходе работы специальная комиссия провела комплексную оценку не только технического состояния материальной базы, но и уровня организации всех производственных процессов. Эксперты детально проанализировали соблюдение требований безопасности движения и проверили готовность подразделения к бесперебойному выполнению ремонтных операций.

По итогам проверки был подтвержден высокий уровень производственной дисциплины и слаженности работы персонала, что свидетельствует об эффективности действующих операционных алгоритмов компании.

Важным конкурентным преимуществом и фактором устойчивости участка в Туркестане является наличие всех необходимых эксплуатационных допусков. Это позволяет специализированной бригаде «KTZE Южный» осуществлять полный технологический цикл – от приема контейнеров до их возврата в эксплуатацию – непосредственно на собственной инфраструктурной площадке. Такая автономность значительно ускоряет оборачиваемость контейнерного парка и повышает качество сервиса для клиентов.

Собое внимание в рамках подготовки к сезону было уделено техническому перевооружению и поддержанию норм промышленной безопасности. Так, были успешно завершены работы по восстановлению подкрановых путей козлового и мостового кранов. Реализация этих мероприятий позволила привести оборудование в полное соответствие со строгими техническими регламентами.

Системная практика проведения подобных комиссионных осмотров остается фундаментом стратегии KTZ Express.

Асель ШАЙХЫНОВА

ОРТА ДӘЛІЗ – МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫ



Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға айрықша назар аударып отыр. Мемлекет басшысы ТХКБ Орта дәліз жаһандық сауда үшін зор мүмкіндіктер ашатынын, Шығыс пен Батыс арасындағы байланысты едәуір нығайтатынын бірнеше рет атап өткен болатын.

Қазақстан мен Грузия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері өткен аптада Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев пен Грузияның экономика және тұрақты даму министрі Мариам Квирцишвилимен кездесу барысында талқыланды.

Тараптар қосымша жүк ағындарын тарту және көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша бірлескен үйлесімді жұмыстардың маңыздылығын, бұл шаралар ынтымақтастықты нығайтуға және Орта дәліздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ Грузия, Әзербайжан және Қазақстан темір жолдары арасындағы бірлескен кәсіпорының тиімді жұмыс істеп жатқаны сөз болды. Өткен жылы аталған жобаға Қытай тарапы да қосылған болатын. Тараптардың пікірінше, бұл ынтымақтастық жүк тасымалдарын үйлестіруді жақсартуға және дәліздің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кездесу аясында грузин тарапы көлік саласындағы ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосатын стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларды таныстырды. Атап айтқанда, Анаклия порты жобасы, локомотив және вагон паркін жаңартуға бағытталған ірі инвестициялық жобалар таныстырылды. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар көлік саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екендіктерін жеткізді.

Сұлугүл БАКЕСОВА

Үкімет

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ СӨЗ БОЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов елдің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға арналған кеңес өткізді. Жиында инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық шешімдер енгізу және саланың ел экономикасындағы үлесін арттыру бойынша міндеттердің сапасы мен орындалуына назар аударылды.

Кеңесте Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов баяндама жасады. Транзиттік әлеуетті кешенді дамыту аясында теміржол көлігін дамыту мәселелері қаралды. ҚТЖ деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша транзиттік тасымал көлемі 33 млн тоннаға жетіп, 2024 жылғы деңгейден 20% өскен.

Транзиттік тасымал үлесі жалпы көлемнің 10%-ын құрады. 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларында транзит тағы 14% өсіп, 8 млн тоннадан 9 млн тоннаға дейін жетті, бұл ретте контейнерлік тасымал 6% ұлғайды.

Кеңесте Транскаспий халықаралық

көлік бағдарын (ТХКБ) дамытуға назар аударылды. ТХКБ бойынша жеткізу мерзімдерін қысқарту, «Алтынкөл – Поти/Батуми» бағытында өтпелі тарифтер енгізу, Әзербайжан мен Грузиядағы серіктестермен цифрлық жүйелерді интеграциялау жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 3,9 мың шақырым темір жолда ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда, оның ішінде «Мойынты-Қызылжар» және «Бақты-Аягөз» желілерін салу, сондай-ақ «Алтынкөл-Жетіген», «Шалқар-Бейнеу», «Бейнеу-Маңғыстау» және басқа да бағыттар учаскелерін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Олжас Бектенов «Бақты-Аягөз» теміржол

желісінің құрылысы бойынша ресурстарды жұмылдыра түсуді, нысандағы техника мен жұмыс күшінің жеткіліксіздігі жобаны жүзеге асыруға кедергі келтіріп отырғанын атап өтті. Тиісті шараларды қабылдау қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар әлеуетті ашу мақсатында мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін жылына 100 млн тоннаға дейін кеңейту қажеттігі сөз болды. Бұл халықаралық тасымалдауға серпін беріп, өткізу пункттері арқылы өту тәртібін жеңілдетеді.

Үкімет басшысы теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстарын жеделдетіп, биыл барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

Даниял ХАМИТ

КАЗАХСТАН – СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ВЕКТОР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

В условиях глобальной трансформации логистических маршрутов Центральная Азия демонстрирует стремительную динамику внутреннего товарооборота. Согласно свежим данным отраслевой статистики, объем железнодорожных перевозок между Казахстаном и соседями по региону с начала года подскочил сразу на 34%. Этот «транспортный рывок» превращает Казахстан в ключевой гарант продовольственной и промышленной безопасности региона.

В разрезе стран региона наиболее впечатляющую динамику показал узбекистанский вектор – объем перевозок по железнодорожным рельсам здесь вырос на 37%. Объемы железнодорожных перевозок с Туркменистаном выросли на 31%, с Таджикистаном – на 16%, с Кыргызстаном – на 13%.

Главным бенефициаром оживления торговых путей стал агропромышленный комплекс. Экспорт казахстанского зерна в страны региона достиг 2 080 тысяч тонн (+50% к аналогичному периоду прошлого года). Фактически Казахстан подтвердил статус «хлебной корзины» Центральной Азии.

Высокая динамика фиксируется и в промышленном сегменте. Так, отгрузка черных металлов увеличилась на 43%, достигнув показателя в 442 тысячи тонн. Стабильный рост также наблюдается в секторе нефтепродуктов, объем железнодорожной транспортировки которых вырос на 6% и составил 212 тысяч тонн. Казахстан все активнее показывает

себя в роли не просто экспортера, но и главного транзитного хаба Евразии. Через территорию республики в страны региона объем перевозки нефтепродуктов увеличился на 28%, черных металлов – на 42%. Перевозки продовольственных грузов также увеличились на 28%.

Интересно, что транзитный поток в обратном направлении – из Центральной Азии – также демонстрирует качественное увеличение. В частности, объем перевозок химической продукции, включая соду, увеличился в два раза (до 36 тысяч тонн), плодоовощной продукции – на 50% (28 тысяч тонн), цветной руды – на 10% (56 тысяч тонн). По словам аналитиков, это свидетельствует о том, что региональный рынок становится более интегрированным.

Эксперты отрасли отмечают, что нынешние показатели – это фаза активного роста. Последовательное укрепление позиций Казахстана в регионе напрямую зависит от пропускной способности стыковых пунктов и цифровизации транспортных коридоров.

АО «НК «Қазақстан темір жолы» уверенно ведет стратегию на опережение. При этом нынешний рост показателей – не предел, а лишь промежуточный этап масштабной стратегии ҚТЖ по превращению Казахстана в главный логистический хаб Евразии. Компания продолжает стабильное развитие инфраструктуры, фокусируясь на расширении «узких мест» и цифровизации перевозочного процесса. Внедрение автоматизированных систем управления и упрощение таможенных процедур уже сегодня позволяют значительно сокращать сроки доставки грузов, делая железную дорогу основным каналом для бизнеса. Укрепляя техническую базу и расширяя пропускную способность пограничных переходов, ҚТЖ не просто перевозит грузы – компания создает фундамент для новой экономической реальности всего региона, где скорость и надежность логистики становятся главными конкурентными преимуществами.

Асель ШАЙХЫНОВА

БИЫЛ ДА БІЗ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАЛҒАСТЫРУДЫ ЖӨН КӨРІП, «ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ КЕҢСЕ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫН БАСТАДЫҚ. БҮЛ АКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ – КЕҢСЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӨЗДЕРІ КҮНІ БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНДА БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІН ӨСІРҮГЕ ҮЙТАЛАНДЫРУ. ЖАСЫЛ ӨСІМДІК АУАНЫ ТАЗАРУ АРҚЫЛЫ АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ОҢ ӘСЕР ЕТЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖАҚСЫ КӨҢІЛ-КҮЙ, АЙНАЛАҒА ӘСЕМДІК СЫЙЛАЙДЫ. БАРЛЫҚ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ҚТЖ ВЫСАДИТ БОЛЕЕ

100 тыс.

ДЕРЕВЬЕВ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ В РАМКАХ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ.

В ПЕРВОМ КВАРТАЛЕ 2026 ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ПЕРЕВЕЗЕНО

64,5 млн тонн

ГРУЗОВ.

С МОМЕНТА ЗАПУСКА УСЛУГИ ЖЕНСКИХ ВАГОНОВ В ПОЕЗДАХ НАЦПЕРЕВОЗЧИКА ДАННЫМ СЕРВИСОМ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ ПОРЯДКА

856 тыс.

ПАССАЖИРОК.

ҚҰЛСАРЫДАН БАСТАЛДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінде 7 сәуірден көктемгі комиссиялық тексеру жұмыстары жүре бастады. Бұған дейін құрылымдық мекемелердің өз ішінде көктемгі байқауға дайындық жасалған.



Пойыздық және маневрлік жұмыстарда ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың жай-күйі, абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі қаралған. Көктемгі байқау барысында әдеттегідей қозғалыс қауіпсіздігін сақтау, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың, ғимараттардың жай-күйі, байланыс, электр құралдарының жағдайы, вагондардың жайы, темір жолдың қазіргі күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білім мен біліктілігі, жеке мәселелері, проблемалары да қаралады. «Комиссия мамандарымен қамтылған тексеріс арнайы локомотив арқылы жүзеге асырылады. Ең әуелі Құлсары – Мақат телімі бойынша басталып, комиссияның бір тобы Бейнеу станциясына барады. Содан кейін Мақат – Сағыз, Мақат – Атырау, Атырау – Ганюшкино, Ганюшкино – Д.Нұрпейісова, Ганюшкино – Исатай – Атырау телімдері, сондай-ақ Махамбет, Атырау, Ақжайық, Теңдік станциялары, телімдердегі жол, сигнализация, энергиямен қамту дистанциялары, вагон, локомотив деполары, т.б. қаралады. Осы жерлерде талқылау жұмыстары да жүргізіледі. Станциялар былтырғы жылы НЖС-қа берілгендіктен байқау барысында бізге зор жауапкершілік жүктеліп отыр», – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Аманқос Жылқышиев. Көктемгі байқау арнайы комиссиямен осы айдың 22-не дейін белгіленіп отыр, ал айдың аяғында жалпы қорытынды жиналыс өтпек.

Суретті түсірген автор

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ТҮРІН КӨРСЕТЕДІ

Нұрбек БЕКЕН,
Астана



«Қамқор Локомотив» серіктестігіне қарасты Шу локомотив жөндеу зауыты электропоездарға жаңа қызмет көрсету түрін меңгерді.

ҚТЖ-ның тапсырысымен Шу зауыты ЭД9М сериялық электропоездарға ТО-3 және ТО-6 көлемінде техникалық қызмет көрсетуді бастады. Бұл жөндеу түрін меңгеру кәсіпорының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейту және жылжымалы құрамға қызмет көрсету сапасын арттырудағы маңызды қадам болып отыр. ТО-3 және ТО-6 аясында зауыт мамандары электропоездардың сенімділігі мен қауіпсіз эксплуатациясын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыстарды атқарады. Олардың қатарында терзәлерді жуу, электр шкафтарына қызмет көрсету, жарықтандыру құралдарын жөндеу және ауыстыру, сондай-ақ ақаулы түйіндер мен бөлшектерді ауыстырып, қалпына келтіру жұмыстары бар. Осы арада арнайы назар – шатырлық, механикалық, кузовтық және автотежегіш жабдықтары, электрлік және электрондық аппараттар, қауіпсіздік құралдары сияқты негізгі жүйелерге аударылып отырғанын айтар едік. Сондай-ақ беріліс қорабының техникалық жағдайы, оның ішінде май деңгейі тексеріледі. Бұл шаралар ақауларды уақытты анықтап, жоюға мүмкіндік береді және де жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін ұзартып, жолаушыларды тұрақты әрі қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етеді. Осы сериядағы электропоездарға техникалық қызмет көрсетуді меңгеру зауыт мамандарының жоғары кәсіби құзыреттілігін растап отыр.

Сұхбат

Қарызға қаражат алу бұл қалыпты жағдай ма? Қарыз қаражаты қандай жағдайда және қандай мақсатта алынады? Осы және басқа да сұрақтарға «ҚТЖ» ҰК» АҚ қарыз алу және инвесторлармен жұмыс департаментінің директоры Данияр Арқалық жауап берді.



ҚАРЫЗ ҚАЛАЙ ҚАЙТАРЫЛАДЫ?

Сүлгүл БАКЕСОВА,
Астана

– Қарыз қаражаты – бұл белгілі бір мерзімге және нақты міндеттемелер бойынша таратылатын қаржы ресурстары. Қарыз қаражатының меншікті капиталдан басты айырмашылығына келсек, ол белгіленген уақытта қайтарылуы тиіс және көбінесе пайдаланғаны үшін пайыз төлеуді талап етеді. Қарыз қаражатына қандай жағдайда сұраныс туып, қандай мақсатта алынуы мүмкін? Егер компания бизнесті кеңейтуге, инфрақұрылымды жақсартуға немесе жабдықтарды жаңартуға ұмтылатын болса, қарыз қаражатын тарту тиімді. Бірақ мүмкіндіктермен қатар жауапкершіліктің де арта түсетінін түсіну керек. Сондықтан қарыз ресурстарын сауатты басқару – табысқа жетудің негізгі шарты.

– «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның қазіргі жалпы жағдайы қалай бағалар едіңіз?

– «Қазақстан темір жолы» ұлттық компания - сы» АҚ 2025 жылды рекордтық қаржылық нәтижелермен аяқтады. Бұл компания бизнесінің тұрақтылығын дәлелдеп, инфрақұрылымды дамыту мен транзиттік тасымалдарды ұлғайту бағытындағы жұмыстар жалғасатынын көрсетті. Компания инвестициялар тарта отырып, теміржол желісін жаңғыртып, өңірдегі жетекші көлік операторы ретіндегі позициясын нығайтуда. Сондай-ақ Компания қазір өсу кезеңін басынан өткізіп жатыр.

– Білуімізше, Компания тарапынан 1

млрд доллар көлемінде қаржы тартылды. Бұл қаржы қайда жұмсалуда?

– Бұл қаражаттарды біз тиімділігі жоғары инфрақұрылымдарға – жаңа желілер құрылысына, телімдерді жаңғыртуға және тар жерлерді жоюға бағыттап отырмыз. Мақсат – пойыздардың шапшаң жүріп, көп жүк тасымалдауын қамтамасыз ету. Ал бұл өз кезегінде транзитті өсіріп, компания кірісін арттыруға оң әсер етпек.

– «Судың да сұрауы бар» демекші, қарыздың қайтарымы болады, бұл үлкен тәуекелге жетпемей ме?

– ҚТЖ-ның қарыз алу және инвесторлармен жұмыс жүргізетін жауапты маманы ретінде айтпағым, қарызға қаражат алу – біздің сала үшін қалыпты жағдай. Білесіз, бүгінде инфрақұрылым үлкен инвестицияларды талап етеді, ал қайтарымын біртіндеп береді. Сондықтан бұл жерде қарызды даму құралы деп қабылдаған жөн. Иә, біздің қарызымыз бар, бірақ кірісіміз де өсіп келеді. Әсіресе транзит есебінен өсім байқалады. Біз барлық міндеттемелерді тұрақты орындап, жағдайды толық бақылауға алып отырмыз.

– Бұл жобаларды кім қаржыландырып отыр және де қарыз беруші ұйымның сенім үдесінен табылу маңызды шарт болар?

– Әлбетте, сенім – басты шарт. Біз Дуньцзюэбанк банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты ірі халықаралық институттармен жұмыс істейміз. Олар компанияны қаржылық басқарушылық критерийлері бойынша егжей-тегжейлі тексереді. Осыдан-ақ олардың бізді қаржыландыруы – тұрақтылық пен сенім көрсеткішімізді

бағамдап берді. Мұнымен қатар олар халықаралық стандарттарды – қауіпсіздік, экология және корпоративтік басқаруды енгізуде. Ал бұл бағыттар бойынша ҚТЖ S&P Global-дан жоғары баға алып келеді.

– Кірісті одан әрі өсіру үшін қандай іс-шаралар жүзеге асырылуда және темір жолды инвестициялау нәтижесі маңызды?

– Бүгінде өсімнің негізгі драйвері – бұл транзит. Бірақ мынаны түсіну қажет: транзит – бұл тек Қазақстан ғана емес, бұл маршрут бойынша барлық елдермен бірлесіп жұмыс істеу. Біз Орталық Азия, Ресей, Кавказ, Түркия, Еуропа және Қытай елдерімен ынтымақтастықты белсенді дамытып жатырмыз. Бүгінде теміржол теңіз көлігімен бәсекелесе алатын халге жетті. Әрине теңіз көлігі баға жағынан арзанырақ, бірақ жолы ұзағырақ. Темір жол болса, тезірек әрі жағдайы болжамды. Қазір ахуал өзгеруде: геосаясатқа байланысты теңіз логистикасы қымбаттап, тұрақтылығы төмендеп отыр. Ал темір жолдың бәсекеге қабілеттігі арта түседі. Қазірдің өзінде біз Қазақстан арқылы өтетін транзитке деген қызығушылықтың артып отырғанын байқаймыз. Темір жолға инвестиция салу нәтижесі маңызды? Себебі – ол ел экономикасының құретамыры. Темір жол арқылы тауар қозғалысы, бизнес және елдің дамуы жүзеге асады. Сондықтан темір жол күш алған сайын, экономика да өрістей түседі.

– Қарыз қаражаты қалай қайтарылмақ? Жалпы қарызға қаражат алу тәжірибеде жиі кездесетін жағдай ма?

– Қарыз қаражаты операциялық кірістер, соның ішінде жүк тасымалдары мен транзит есебінен қайтарылатын болады. Транзит өсіп келеді, демек, біздің де қаржылық базамыз күшейеді. Сол себепті біз барлық міндеттемелерді мұлткісіз орындап отырмыз. Қарыз қаражаты, әлемдік тәжірибеде бар әдіс. Бұл тәсілмен бір ғана ҚТЖ компаниясы емес, барлық инфрақұрылымдық компаниялар жұмыс істейді. Мәселен, Қытай, Ресей де даму үшін қарыз қаражатын қолданады. Өйткені жоғарыда айтып кеткен жобаларды, бір ғана ағымдық кірістер есебінен жүзеге асыру мүмкін емес. Ал компанияның тұрақтылығы, басқарушылық қабілеті бірінші кезекте, сала қызметкерлеріне тікелей байланысты. Себебі барлық цифрлардың артында команда еңбегі жатыр. Компанияның бір ғана 1% тиімділігінің өзі – ондаған миллиард теңге.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҚАУІПСІЗ БОЛСА...

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жолдағы тексерісті күшейтті. Көктемгі байқау барысында әсіресе белгі беру және байланыс жүйелерінің сенімділігі тексеріліп жатыр.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Орал, Ақтөбе, Қандыағаш және Шалқар тораптарында 6 мыңнан астам қызметкер еңбек етеді. Олардың басым бөлігі жол шаруашылығы мен белгі беру-байланыс саласында жұмыс істейді. Бөлімшенің белгі беру және байланыс бөлімінің басшысы Жәнібек Жұмаевпен желі бойын аралатып жүріп, әр бұрмадағы жауапкершілік пен әр бағдаршам, әр сигналдағы қауіпсіздікті, тәуекелдерді көзбен көрдік. Көктемгі байқау аясында мамандар желі бойын аралап, құрылғылардың жұмысын тексеруде. Жәнібек Жұмаев белгі беру, радиобайланыс және электрмен жабдықтау жүйелерінің тұрақты әрі қауіпсіз жұмысы жайлы түсіндіріп, әр

бұрма мен бағдаршамның уақытты әрі дәл жұмыс істеуі пойыз қозғалысы үшін маңызды екенін жеткізуге тырысты.

– Станция кезекшісі берген бағытқа сәйкес бұрмалар автоматты түрде ауысып, бағдаршамдар ашылады. Бұл салада жеңіл жұмыс жоқ. Әрбір ток көзі бар құрылғы қауіпті. Тіпті жіншіке жіптей бір сымның ауысып кетуі бүкіл жүйенің жұмысына әсер етуі мүмкін. Сондықтан әр бөлшекке мұқият қарау – міндет. Біз үшін адамдардың қауіпсіздігі қымбат. Әр жұмысшының үйіне аман оралуы үшін күн сайын қауіпсіздік ережелерін еске салып отырамыз, – деді бөлім басшысы.

Айтуынша, автоматтандырылған жүйелер жол жағдайын кезекші пультіне секундтар ішінде жеткізіп, жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен



қатар кіріс бағдаршамдарының алдында пойыз доңғалағының қызуын өлшейтін арнайы құрылғылар орнатылған. Мұндай жүйелер әр 35-40 шақырым сайын орналасқан. Егер пойыз доңғалағында ақау анықталса, ол дереу тоқтатылып, станцияға кіргізілмей, қауіпсіздік шаралары қабылданады. Бұл станция ішіндегі күрделі қондырғыларды қорғау үшін қажет.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің қарамағында

Қандыағаш, Шалқар, Ақтөбе, Орал – төрт белгі беру және байланыс дистанциясы және Ақтөбе, Шалқарда екі электрмен жабдықтау дистанциясы жұмыс істейді. Бөлімше осы құрылымдардағы жұмысты үйлестіріп, теміржол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі таңда бүкіл бөлімше аумағында көктемгі байқау жұмыстары жалғасып жатыр.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС



Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша жазғы жол күтіміне даярлық шаралары басталды. Биылғы жылғы жоспар жылдағыдан ауқымды болып отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Аймақтағы транзиттік мүмкіндікті арттыру және пойыздардың жылдамдығын жоғарылату үшін осыған дейін жол инфрақұрылымын жаңғырту, соның ішінде ағаш жолдарды темірбетонмен ауыстыру жоспарланған. Өткен жылы бөлімше көлемінде бұл бағытта бірталай жұмыстар жүргізіліп, нәтижесін

берді. Мәселен, «солтүстік тармақтағы» Белағаш – Дүйсекең, күнгейдегі Аяғөз – 22 жол айрық және 22-ші жол айрық – Көшкентал телімдерінің 38,51 шақырымында жаңа материалдарды пайдалану арқылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Одан бөлек 5,6 км жол бойы күшейтілген орташа жөндеу, 22 км телімде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның сыртында бірқатар тораптық станциялардағы маневрлік



жұмыстарды жақсарту мақсатында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл шаралар биыл да осы қарқынмен жалғаспақ. Мәселен, Ақсу-1 – Дегелең – Жаңа-Семей учаскесінде автоматты блок жүйесін салу бағдарламасын іске

асыру аясында екі айырма пункт салынууда. Ал Жаңа-Семей жүк станциясын дамыту жоспары аясында қосымша қабылдау және жөнелту парк салынып жатыр. Жұырда бөлімше басшысы Алмас Сейсемқанов телімдер бойындағы атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, қадағалап шықты. Биылғы көктемгі комиссиялық бақылау барысында да осы аталған жұмыстар барысы бірінші кезекте назарға алынатын болады.

Жалпы, бөлімше бойынша жол шаруашылығына қатысты нысандарды жаңғырту шаралары жыл сайын кең өріс алып келеді. Мәселен, теміржолшылардың жұмыс орындарын жақсарту үшін Семей магистральдық желі бөлімшесінің Семей учаскесіндегі 24 нысанда жылыту станциялары мен модульдік демалыс орындары стандартқа сай қайта

жаңартылатын болады. Бұл бағыттағы жұмыстар Дегелең – Шаған – Жаңа-Семей телімдері бойынша басталып та кетті. НЖС-6 бөлімшесінің жол бөлімі мамандарының сөзіне сүйенсек, Семей магистральдық желі бөлімшесі 2027 жылдың соңына дейін жолдардың тозуын азайту, орта мерзімді жөндеу жұмыстарын күшейту, малға қоршаулар салу және теміржол өткелдерін жаңғырту бойынша кешенді шараларды жүзеге асырады. Мұның бәрі сайын келгенде шығыстағы пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін жаңа деңгейге шығаруға, апаттардың алдын алуға және теміржолшылар мен тұрғындардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған. Сонымен қатар бұл жұмыстардың барлығы аймақтағы 13 теміржол вокзалын қайта жаңғырту, Бақты – Аяғөз телімін салу, қосымша кірме жолдарды салу сынды жоспарлы шаралармен қатар жүргізілімек.

Суретті түсірген автор

СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К УСЛОВИЯМ ТРУДА НА МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ



СОЦИУМ

Создание безопасных и комфортных условий труда остается одним из ключевых приоритетов филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция магистральной сети». Сегодня эта работа выстроена как комплексная система, где организационные решения, технологии и социальные инициативы дополняют друг друга, формируя современную производственную среду.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Прежде всего в компании последовательно развивается культура безопасности. Она строится не только на контроле, но и на вовлечении самих работников. Так, внедряется система мотивации и ответственности персонала, проводится конкурс «Лучшее безопасное рабочее место», стимулирующий соблюдение требований охраны труда.

Вместе с тем акцент делается и на технологическое усиление безопасности. В числе перспективных решений – внедрение систем ограждения и оповещения о приближении подвижного состава, а также рассмотрение возможности использования экзоскелетов, которые позволят снизить физическую нагрузку при выполнении тяжелых работ. Дополняет эту работу развитие инфраструктуры для самих работников: на территориях дистанций планируется создание воркаут-площадок, направленных на укрепление здоровья персонала.

Логичным продолжением этой работы становится повышение уровня подготовки сотрудников. В частности, 300 работников уже прошли обучение в сторонних организациях по оказанию первой доврачебной помощи. Это усиливает общую систему профилактики и позволяет оперативно реагировать в нештатных ситуациях.

Параллельно с развитием культуры безопасности в компании пересматриваются и сами подходы к организации труда. По сравнению с прошлым годом, требования были существенно ужесточены. В частности, полностью запрещено выполнение работ в одно лицо, внедрена система работы по наряду-допуску в хозяйствах пути и сигнализации и связи, закреплены участки обслуживания за ответственными руководителями. Кроме того, введены ограничения на проведение плановых и текущих путевых работ в выходные и праздничные дни, что позволяет минимизировать риски



и повысить управляемость процессов.

Не менее важным направлением остается создание комфортных бытовых условий для работников, особенно с учетом разрезного характера их труда. В этой части в дирекции ведется масштабная работа по обеспечению модульными домами для отдыха.

Так, по департаменту пути и сооружений на сегодняшний день установлено 382 модульных здания, которые охватывают все регионы магистральной сети – от северных до западных и южных областей. Их установка велась поэтапно в течение 2023-2025 годов.

